

Философияның соңғы бөлімі- **адам** туралы ілім. Бэконның тұжырымдауынша , адам ақыл-ойына жүгіне отырып, теориялық пайымдауларды іс жүзінде тексеруден өткізіп, тәжірибеде көз жеткізіп отыруы тиіс. Осылайша рационализмді сынап, эмпиризмді қолдайды. Оның ойынша, адамның ақыл-ойына , санасына қателіктер тән, олар ақыл-ойдың дамуын тежеп отырады, сондықтан олардан құтылуға тырысу керек. Бэкон бұл кемшіліктерді идолдар, елестер, ескіліктің қалдықтары деп атайды.



Адам өмірде адаспауы үшін мынадай 4 елестен арылуы керек деп санайды. Олар:

1. **Тектік елестер**- жалпы адамзат пен табиғатты тануда туатын қате пікірлер;
2. **Үңгір елестері** – бүкіл адамзатқа қатысы жоқ, жеке адамдардың тәрбиесінен, талғамдары мен әдістерінен туатын өзіндік қателіктері;
3. **Нарық (базар) елестері** – басқалардың айтқандарына сын көзбен қарамай, сене салудан туатын қателіктер;
4. **Театр елестері** – біреулердің беделіне көз жұмып сене салудан